

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға арналған төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 17 қаңтардағы N 6-35 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2008 жылы 7 ақпанда N 2001 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 19-бабының 6 тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 5 тармағына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға арналған төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына (В.А.Долженковқа), облыстық мәслихаттың экономика, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және экология салаларын дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Шүрегеевке) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Алматы облыстық мәслихатының
2008 жылғы 17 қаңтарындағы N 6-35
"Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008
жылға арналған төлемақы ставкаларын
белгілеу туралы" шешіміне
қосымша

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары

Р/с N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қалдық-тардың қауіптілік деңгейі	ставка, теңге
1	2	3	4	5

1.	Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары 1	Шартты тонна		582
2.	Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары	Пайдаланылған отынның тоннасы (бұдан әрі тонна)		
	Этилденбеген бензин үшін			421
	Дизель отыны үшін			576
	Сұйытылған сығылған газ үшін			285
3.	Ластаушы заттардың төгінділері	Шартты тонна		
	Су көздеріне 2			15654
	Жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына , жер бедеріне			1100
4.	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар 3	тонна		227,5
5.	Өнеркәсіптік қалдықтар	тонна		
	өндіріс пен тұтынудың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкциаланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру		"қызыл тізім"	8332
			"янтарь тізім"	4166
			"жасыл тізім"	1041,5
			"жіктелмегендер"	521
	Бұдан басқа;	тонна		
	аршынды жыныстар 4			2,8
	байытушлақтары, шламдары, қалдықтар 4			21,7
	күл мен күлшлақтар 4			18,1
	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары			10,5
6.	Радиоактивті қалдықтар	гигабеккерель		
	трансуранды қалдықтар			442,1
	альфа-радиоактивті қалдықтар			221
	бета-радиоактивті қалдықтар			22,1
	шынақты радиоактивті көздер			221

Е с к е р т п е :

1) ISO 14001: 2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертифициатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі.

1 0,75 коэффициенті;

4 0,75 коэффициенті;

2) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларына:

энергия өндіруші ұйымдар;
табиғи монополия субъектілері үшін коммуналдық қызметтерді көрсеткен
кезде түзілетін эмиссия көлемі үшін мынандай коэффициенттер енгізіледі

1	0,3	коэффициенті;
2	0,43	коэффициенті;
3	0,25	коэффициенті;

**Ескерту. 2-тармақша жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының
2008.07.15 N 12-69 Шешімімен.**

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар
үшін халықтан құрылған қатты қалдықтардың төлемі үшін қоршаған ортаға
эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

3	0,2	коэффициенті;
---	-----	---------------

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2)
тармақтарына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының
коэффициенттерін қолданған жөн.

5) ескертпенің 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген жеңілдетілген
коэффициенттерді қолдану қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтен тыс
көлемі үшін төлемдерге қолданылмайды.

**Ескерту. 5 тармақшамен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының
2008.07.15 N 12-69 Шешімімен.**